**Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 22 мамырдағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20723 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салу, реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу), пайдалану, консервациялау, жою (кейіннен кәдеге жарату) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

5) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

6) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тізім бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Экология, геология және*
*табиғи ресурстар министрінің*
*міндетін атқарушы* — *А. Примкулов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
1-қосымша

## "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің өңіраралық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – Портал) электрондық түрде өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) жазылған.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің карауына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінімді одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырады, не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

6. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

### 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Су объектілерінің сарқылуына
жол бермеуге бағытталған су
қорғау іс-шараларын келісу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі
Геология комитетінің

____________________________
(қаласы) бойынша аумақтық
бөлімшесінің басшысы
____________________________
(тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
кімнен ______________________
(өтініш берушінің толық атауы,
бизнес сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты
(бар болған жағдайда) және
жеке сәйкестендіру нөмірі,
мекенжайы, деректемелері,
телефоны)

**Өтініш**

Сізден жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған қорғау іс-шараларын келісуіңізді сұраймын.
Объектінің орналасқан жері: ______________________________
____________________________
(облыс)
Қосымша: ____________________________________________________
______________________________________________________________________
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.
Өтініш берілген күн: 20 ___ жылғы "___" ______________.
________________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңба)

"Су объектілерінің сарқылуына
жол бермеуге бағытталған су
қорғау іс-шараларын келісу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

## "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің өңіраралық департаменттері ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Қызмет көрсету мерзімі – 7 жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шараларының келісім-хаты немесе дәлелді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Порталда орналастырылған. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шаралары бағдарламасының электрондық көшірмесі.<br>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің ( қайта тіркеудің) жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет<br>көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының Су кодексінің 112 және 115-баптарына сәйкес талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған жағдайда. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал |

| | | |
|---|---|---|
| | | арқылы электрондық нысанда алады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Су объектілерінің сарқылуына
жол бермеуге бағытталған су
қорғау іс-шараларын келісу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Өтініш берушіге _____________________________ (өтініш берушінің толық атауы) ________ ____________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)**

**Қорытынды**

Өңіраралық департаменттің қарауына ұсынылды:

1) "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) - 1 дана.

Бағдарлама әзірленіп қарастыруға және келісуге ұсынылды _________________

Бағдарлама ____________________сәйкес құрастырылған.

Бағдарлама ________________________үшін әзірленген.

Бағдарламада көзделген: __________________

Қорытынды: Бағдарлама келісілді/

Департамент мынадай негіздер бойынша келісуден бас тартады (себебін көрсету)__

_________________________________________

Келіспеген жағдайда "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 3-тарауына сәйкес Сіз мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Департаменттің басшысы

Орындаушы (Т.А.Ә., телефон)

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
2-қосымша

## "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға ( кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына ( бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің өңіраралық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) электрондық түрде өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) жазылған.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің карауына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінімді одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындыны қалыптастырады, не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

6. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Су объектілерінің жай-күйіне
әсер ететін объектілерді салуға,
реконструкциялауға (кеңейтуге,
жаңғыртуға, техникалық қайта
жарақтандыруға, қайта
бейіндеуге), пайдалануға,
консервациялауға, жоюға
(кейіннен кәдеге жаратуға)
қорытынды беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі
Геология комитетінің
______________________________
(қаласы) бойынша аумақтық
бөлімшесінің басшысы
______________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
кімнен ______________________
(өтініш берушінің толық атауы,
бизнес сәйкестендіру нөмірі
немесе жеке тұлғаның тегі,
аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
және жеке сәйкестендіру нөмірі,
мекенжайы, деректемелері,
телефоны)

**Өтініш**

Сізден Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беруді сұраймын.

Объектінің орналасқан жері: ________________________

Қосымша:__________________________________________________________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн: 20 ___ жылғы "___" _____________ .

______________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңба)

"Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

## "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға ( кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің өңіраралық департаменттері ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Қызмет көрсету мерзімі – 7 жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге ), пайдалануға, консервациялауға, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды немесе дәлелді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Порталда орналастырылған. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) жобалық құжаттаманың электрондық көшірмесі.<br>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің ( қайта тіркеудің) жеке басын куәландыратын құжаттар туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының Су кодексінің 55 және 125-баптарына сәйкес талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған жағдайда. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Су объектілерінің жай-күйіне
әсер ететін объектілерді салуға,

реконструкциялауға (кеңейтуге,
жаңғыртуға, техникалық қайта
жарақтандыруға, қайта
бейіндеуге), пайдалануға,
консервациялауға, жоюға
(кейіннен кәдеге жаратуға)
қорытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
3-қосымша
нысан

**Өтініш берушіге ______________________________ (өтініш берушінің толық атауы) ________ ____________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)**

**Қорытынды**

Өңіраралық департаменттің қарауына ұсынылды:

3) "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

4) Жобалық құжаттама – 1 дана.

Жоба әзірленіп қарастыруға және келісуге ұсынылды _________________

Жоба ____________________сәйкес құрастырылған.

Жоба________________________үшін әзірленген.

Жобада көзделген: __________________

Қорытынды:Жоба келісілді/

Департамент келесі негіздер бойынша келісуден бас тартады (себебін көрсету)_____ ____________________________________

Келіспеген жағдайда "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларының 3-тарауына сәйкес Сіз мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Департаменттің басшысы

Орындаушы (Т.А.Ә., телефон)

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының

2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
3-қосымша

## "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды түрде www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – Портал) және/немесе "minerals.gov.kz" жерқойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы арқылы (бұдан әрі – платформа) отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беруге арналған өтініш береді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу

құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген.

5. Берілген лицензиялар сыртқы сауда қызметінің басқа қатысушыларына қайта ресімдеуге жатпайды.

Берілген лицензияларға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші бір жолғы лицензия береді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы ( бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және аудандар мен отын-энергетикалық және минералдық шикізаттың кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпаратты экспорттауға лицензия береді не Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

8. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Отын-энергетикалық және
минералды шикізат аудандары
мен кен орындары бойынша жер
қойнауы туралы ақпараттың
экспортына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беруге арналған өтініш**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолданылу кезеңі<br>___бастап ___дейін | |
| 3. Лицензияның типі \|ЭКСПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Көрсетілетін қызметті алушы\| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған елі\| | 8. Сатып алушының елі\| | |
| 9. Келісімшарт валютасы\| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі\| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Өтінішке қосымшаға сәйкес қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы<br>Телефоны<br>-Қолы және мөрі дара кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда (бар болған жағдайда)<br>Күні | |

Тауарлардың жекелеген
түрлерінің экспортына
және (немесе) импортына
лицензия алуға арналған

өтінішке
қосымша

| ____жылғы _________ №___ өтінішке қосымша | | | |
|---|---|---|---|
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлық парақ__ Парақ №__ | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі дара кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда (бар болған жағдайда)<br>Күні | |

"Отын-энергетикалық және
минералды шикізат аудандары
мен кен орындары бойынша жер
қойнауы туралы ақпараттың
экспортына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

# "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | 1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі-Портал);<br>2)"minerals.gov.kz" жерқойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы (бұдан әрі – платформа). |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі | Көрсету мерзімі – 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру және ( немесе) оған қосымша, не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсету заңды және жеке тұлғаларға ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:<br>1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 ( он) айлық есептік көрсеткішті құрайды;<br>2) лицензияны дубликатын беру кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) айлық есептік көрсеткішті;<br>Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем " электрондық үкіметке" төлем |

| | | |
|---|---|---|
| | | шлюзі немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Жұмыс кестесі:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналасқан. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымша және (немесе) толықтырудың (бір жолғы лицензия үшін) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;<br>3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 67 "Тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініштердің нысандарын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын бекіту туралы" бұйры ғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11074 болып тіркелген) тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.<br>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің ( қайта тіркеудің) жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарында толық емес және дұрыс емес мәліметтердің болуы;<br>2) осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағы 3) тармақшасының көзделген талаптардың сақталмауы;<br>3) лицензияны беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттардың қолданысын тоқтату немесе тоқтата тұру;<br>4) іске асыру үшін лицензиясы сұратылатын шартты ( келісімшартты) орындау салдары болуы мүмкін мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;<br>5) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның таусылуы не олардың болмауы (квоталық тауарларға лицензия ресімдеген жағдайда); |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ 1414, 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
4-қосымша

## "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, "электрондық үкіметтің" веб-порталы

www.egov.kz (бұдан әрі – портал) және/немесе minerals.gov.kz жерқойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы (бұдан әрі – платформа) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беру туралы өтініш береді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 251-бабы 5-тармағына сәйкес өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар әрбір құжатқа дұрыстығын нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

Шетелдіктің немесе шетелдік заңды тұлғаның өтінішіне қоса берілетін құжаттар " Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығының 60-тармағына сәйкес консулдық заңдастыру туралы талаптар сақтала отырып немесе " Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция ( Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі № 545 қаулысының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қоя отырып ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

5. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды қабылдайды және өтініштің дұрыс толтырылуын және ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қағидаларға сәйкес барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне – көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің

кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қағаз түріндегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал және/немесе платформа арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және орындауға жібереді.

Жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия алу үшін құжаттар топтамасын толықтығын және қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар анықталған жағдайда, орындаушы өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

Портал және/немесе платформа арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бөлімшесінің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілген мерзімде толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол порталдағы "жеке кабинетіне" өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қояды және Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия түрінде портал және/немесе платформа арқылы жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

Берілген өтініш туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының платформасында: www.gov.kz "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі" деген бөлімінде өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды қамтиды:

1) өтініш берушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) өтініш беруші пайдалануға беруді өтінетін жер қойнауы учаскесін айқындайтын аумақтың координаттары;

3) өтініштің келіп түскен күні мен уақыты көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

7. Лицензия келесі жағдайларда қайта ресімдеуге жатады:

жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтерді өзгерту: жеке тұлғалар үшін – тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) және (немесе) азаматтығын өзгерту;

заңды тұлғалар үшін – атауын немесе орналасқан жерін өзгерту;

жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің ауысуы;

лицензия мерзімін ұзарту;

жер қойнауы учаскесі аумағының шекараларын өзгерту.

Лицензияны қайта ресімдеу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша берілетін көрсетілетін қызметті алушының жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеуге өтініші бойынша (портал және/немесе платформа арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған) жүргізіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу кезінде өтінішке құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттармен қоса беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Жер қойнауы кеңістігін
пайдалануға арналған
лицензияны беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

___________________________

___________________________

(мемлекеттік органның атауы)

_________________________

___________________________

жеке тұлғалар үшін – өтініш
берушінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі,
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін – өтініш

берушінің атауы, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі
(болған кезде), байланыс
деректері

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беру туралы өтініш**

20__жылғы "__"________________

Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беруді сұраймын

| № | Өтініш беруші туралы мәліметтер | |
|---|---|---|
| 1 | жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер | |
| 2 | заңды тұлғалар үшін-өтініш берушінің атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш беруші шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат немесе құжаттарды берген елдің апостиль мөрін қою) | |
| 3 | өтініш беруші пайдалануға беруді өтінген жер қойнауының тиісті учаскесін анықтайтын аумаққа нұсқау (жер қойнауы учаскесінің алаңы мен географиялық координаттары) | |
| 4 | сұратылған жер қойнауы учаскесін пайдалану мерзімін көрсету | |
| 5 | "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 249-бабына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалану мақсатын көрсету | |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) ________________________________________________

2) ________________________________________________

3) ________________________________________________

4) ________________________________________________

(құжаттардың атауы және парақтар саны)*

Ескертулер: * құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса беріледі Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн: 20 ___ жылғы "___" ______________.

___________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы/ электрондық цифрлық қолтаңба (қағаз нысанын қамтымайды)

"Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымша

## "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | 1)www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал);<br>2) жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы minerals.gov.kz ( бұдан әрі – платформа);<br>3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) лицензия беру кезінде – 5 (бес) жұмыс күні;<br>2) қайта ресімдеу кезінде –7 (жеті) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру немесе дәлелді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | Көрсетілетін қызметті алушы " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 726 бабы 1-тармағының 4) |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | тармақшасына сәйкес 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткіш қол қойылатын бонус төлейді. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес Астана қаласы уақыты бойынша сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру кестесі – Астана қаласы уақыты бойынша сағат 13.00 – ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күтусіз көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында: www.gov.kz " Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі" бөлімінде орналасқан.<br>Порталдың және платформаның жұмыс жасау кестесі -жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) лицензия алу үшін:<br>көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беру туралы өтініштің 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>өтініш берген кезде өтініш берушінің атынан әрекет ететін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат, егер мұндай тұлға өтініш беруші болып тағайындалса;<br>Осы тармақша көрсетілетін қызметті алушы консалтингтік қызметтер көрсететін бөгде адамдарды/ұйымдарды тартқан жағдайда қолданылады.<br>"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 252-бабы 1-тармағының 3-бөлігіне ( бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған, жерасты құрылысжай объектісінің сипаттамасын, оны оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор қаттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төселетін және жабылатын су тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, қоймаға жинап қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын қамтитын , "Геологиялық есептің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) нысан бойынша геологиялық есеп; | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | өнімнің атауы, техникалық өндіріс немесе ол түзілетін процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты компоненттердің құрамы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі көрсетілген зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы;<br>Кодекстің 257-бабының 2-тармағында және 260-бабының 4-тармағында көзделген сараптамалар мен келісулерді қоса бере отырып, Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы және жою жоспары.<br>порталға және/немесе платформаға жүгінген кезде:<br>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беру туралы өтініштің 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың электронды көшірмелері;<br>"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 252-бабы 1-тармағының 3-бөлігіне ( бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған, жерасты құрылысжай объектісінің сипаттамасын, оны оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор қаттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төселетін және жабылатын су |

| | | |
|---|---|---|
| | | тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, қоймаға жинап қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын қамтитын , "Геологиялық есептің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 418 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17069 болып тіркелген) нысан бойынша геологиялық есепэлектронды көшірмесі;<br>өнімнің атауы, техникалық өндіріс немесе ол түзілетін процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты компоненттердің құрамы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі көрсетілген зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасыэлектронды көшірмесі;<br>Кодекстің 257-бабының 2-тармағында және 260-бабының 4-тармағында көзделген сараптамалар мен келісулерді қоса бере отырып, Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы және жою жоспарының электронды көшірмелері.<br>2) лицензияны қайта ресімдеу осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы беретін жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензияны қайта ресімдеуге өтініш (портал арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған) бойынша жүргізіледі.<br>Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.<br>Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар әрбір құжатқа дұрыстығын нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жолдайды.<br>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздердің бірі болған кезде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беруден бас тартады:<br>1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар Кодекстің 251-бабында және 252-бабының 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе;<br>2) өтінішке Кодекстің 251-бабында және 252-бабының 1-тармағында талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;<br>3) сұратылған жер қойнауы учаскесі немесе оның бір бөлігі жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия бойынша басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы учаскесіне жатады;<br>4) сұратылған жер қойнауы учаскесі Кодекстің 19-бабы 3-тармағының және 250-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келмесе; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) сұратылған жер қойнауы учаскесі Кодекстің 250-бабының 2 -тармағында көрсетілген аумақтарда толық немесе ішінара орналасқан;<br>6) лицензия беру ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді;<br>7) өтінішке қоса берілетін геологиялық есеп сараптамасының қорытындысына сәйкес, өзінің геологиялық және (немесе) геотехникалық сипаттамалары бойынша сұратылған жер қойнауы учаскесі өтініште көрсетілген мақсаттарда жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жарамсыз екендігі анықталса;<br>8) өтініш беруші жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын және тарату жоспарын сараптаудың және келісудің талап етілетін оң қорытындыларын табыс ету мерзімін сақтамаған кезде. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал және /немесе платформа арқылы электрондық нысанда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндік бар. |

"Жер қойнауы кеңістігін
пайдалануға арналған
лицензияны беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

## Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия

№________________ күні "___" ____________ 20___жыл

1. Берілген_____________________________________________________________________
___

___________________________________________________________________________
__
(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және жеке тұлғаның азаматтығы/заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері) (жер қойнауын пайдалану құқығын жалпы иеленген жағдайда мәліметтерді толық көрсете отырып, барлық иелері аударылады) (бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) және " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығын береді"

Жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшері:

_______________________________________________

(әрбір иеленуші бойынша пайыздық мәндегі мөлшері)

2. Лицензия шарттары:

1) лицензияның мерзімі (жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның мерзімін ұзарту кезінде мерзім ұзарту мерзімін ескере отырып көрсетіледі): ___________ __ оны берген күннен бастап;

2) алаңы жер қойнауы учаскесі аумағының шекаралары __________ шаршы километр,

келесі географиялық координаттары бар:_____________________

(географиялық координаталар нүктелерін көрсету)

3) жер қойнауын пайдаланудың өзге де шарттары:

Жер қойнауы учаскесі аумағының схемалық орналасуы осы лицензияға қоса беріледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері:

1) қол қойылатын бонусты төлеу ________________ "___" _________20__ жылға дейін;

2) лицензия мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді ( жалдау төлемдерін) төлеу.

4. Жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың нысаналы мақсаты:

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

(Кодекстің 249-бабына сәйкес операциялардың кіші түрлерінің бірі)

5. Лицензияны қайтарып алу негіздері:

1) осы лицензияның 3 және 4-тармақтарында көзделген лицензиялардың шарттарын бұзу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген қызметке тыйым салынған жағдайда.

6. Лицензияны берген мемлекеттік орган ________________________________

___________________________________________________________________
__

(лицензияны берген мемлекеттік органның атауы)

_____________________ басшының (уәкілетті тұлғаның) электрондық цифрлық қолтаңбасы

Берілген орны: Қазақстан Республикасы Астана қаласы.

"Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

___________________________
___________________________
(мемлекеттік органның атауы)
__________________________
жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), өтініш, жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), байланыс деректері; заңды тұлғалар үшін өтініш берушінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), байланыс деректері

**Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеуге өтініш**

"__" _________20__жыл

Лицензияны қайта ресімдеуді сұраймын

| № | Өтініш беруші туралы мәліметтер | |
|---|---|---|
| 1 | жеке тұлғалар үшін-өтініш берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), азаматтығы, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күні, Өтініш берушінің салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы мәліметтер | |
| 2 | заңды тұлғалар үшін-өтініш берушінің атауы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер | |
| 3 | лицензияның нөмірін (лерін), лицензияны берілген күнін, берушіні көрсету | |
| 4 | қызмет түрінің толық атауын көрсету | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | лицензияны қайта ресімдеу негіздемесі немесе себептерін көрсету | |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) ______________________________________________________________

2) ______________________________________________________________

3) ______________________________________________________________

(құжаттардың атауы және беттер саны)*

Ескертулер: * құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса беріледі

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн: "___" ______________ 20 ___ жыл.

__________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), қолы/ электрондық цифрлық қолтаңба ( қағаз нысанын қамтымайды)

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
5-қосымша

**Күші жойылды деп тануға жататын кейбір нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 501 "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11452, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 10 шілдесінде жарияланған);

2. "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 мамырдағы № 657 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11582, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 22 шілдесінде жарияланған);

3. "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 26

мамырдағы № 442 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 13926, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 25 шілдесінде жарияланған);

4. "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 мамырдағы № 657 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 тамыздағы № 625 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14282, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 17 қарашада жарияланған);

5. "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 501 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № 274 бұйрығы ( нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 18656, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер Эталондық бақылау банкінде 2016 жылдың 16 маусымда жарияланған).

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 22 мамырдағы
№ 117 бұйрығына
6-қосымша

**"Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

Ескерту. Бұйрық 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық ( ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) және/немесе "minerals.gov.kz" жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы (бұдан әрі – платформа) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру туралы өтініш береді.

Өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Өтінішке қоса берілетін шет тілінде жасалған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен, оның дұрыстығын нотариустың куәландыруымен ұсынылады.

Өтінішке құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттармен қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Портал және/немесе платформасы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету процесінің нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген.

5. Портал және/немесе платформасында өтініштің нөмірін беру құжаттар топтамасының қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың заңнамалық нормаларға сәйкестігін тексереді.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде "Ұлттық геологиялық қызмет" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қоғам) сұрау салынатын аумақтың бос екендігін тексеру туралы сұрау салуды жолдайды.

8. Қоғам сұрау салуды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аумақтың еркіндігін тексереді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және осы Қағидалар Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына сәйкес бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен қол қояды және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия түрінде ілеспе хатты қоса отырып портал және/немесе платформа арқылы жібереді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және ( немесе) осы Қағидалар Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі ішінде портал және/немесе платформа арқылы өтінішті одан әрі қараудан/мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды.

11. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

12. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілген бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші портал және/немесе платформа арқылы бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыны осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Кодекстің 92-бабында көзделген мерзімде осындай жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұзушылықты жою туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіні портал және/немесе платформа арқылы хабардар етеді.

Кодексте көрсетілген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші лицензияны кері қайтарып алады.

Лицензияны қайтарып алуды көрсетілетін қызметті беруші портал және/немесе платформа арқылы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны қайтарып алу туралы хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

13. Жер қойнауын геологиялық зерделеуге арналған лицензия бойынша зерттеу және талдау нәтижелері Кодекске сәйкес жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын геологиялық есептерге енгізілуге жатады.

14. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Жер қойнауын геологиялық

зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

___________________________

___________________________

(мемлекеттік органның атауы)

__________________________

____________________________

____________________________

жеке тұлғалар үшін – өтініш
берушінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі,
байланыс деректері;
заңды тұлғалар үшін – өтініш
берушінің атауы, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі
(болған кезде),
байланыс деректері

**Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру туралы өтініш**

"__" _________20__жыл

Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беруіңізді сұраймын

| |
|---|
| Өтініш беруші туралы мәліметтер |
| жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер; |
| заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш иесінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат), басшылар туралы мәліметтер; |
| геологиялық зерттеу аумағын құрайтын (құрайтын) блокқа (блоктарға) нұсқау |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1)______________________________________________________________________________

2)______________________________________________________________________________

(құжаттардың атауы және парақтар саны)*

Ескертулер:

* құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн: "___" ______________ 202 __ жыл.

___________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңба

"Жер қойнауын геологиялық
зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
2-қосымша

## "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (кіру арналары) | 1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал);<br>2) жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы minerals.gov.kz ( бұдан әрі – платформа);<br>3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру немесе осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | Геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қол қою бонусы төленеді.<br>2017 жылғы 25 желтоқсандағы " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" ҚР Кодексінің 729-бабының 2-тармағына сәйкес, геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша қол қою бонусы салық төлеушінің орналасқан жері бойынша |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | бюджетке осындай лицензия берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушы қол қойылған бонус сомасының төленгенін растайтын құжатты ұсынады. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне ( бұдан әрі - Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда және/немесе платформада – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексі не сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған. |
| | | 1) мынадай мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері:<br>- жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;<br>- заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш иесінің шет |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат), басшылар туралы мәліметтер;<br>2) егер тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін мұндай тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат;<br>Осы тармақша көрсетілетін қызметті алушы консалтингтік қызметтер көрсететін бөгде адамдарды/ұйымдарды тартқан жағдайда қолданылады.<br>3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 396 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулыққа ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17076 болып тіркелген) сәйкес өтініш беруші әзірлеген және бекіткен жер қойнауын геологиялық зерттеу жоспары және (немесе) жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы.<br>4) Өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Өтінішке қоса берілетін шет тілінде жасалған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен, оның дұрыстығын нотариустың куәландыруымен ұсынылады.<br>5) Өтінішке құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттармен қоса беріледі. |
| | | 1) лицензия беруге арналған өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар Кодекстің 86-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 396 бұйрығымен бекітілген Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулыққа ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17076 болып тіркелген) сәйкес келмейді;<br>3) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған жоспарда Кодекстің 89-бабына сәйкес жүргізуге тыйым салынған жұмыстар көрсетілген;<br>4) сұрау салынатын учаске Кодекстің 25-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шектелген аумақтарда орналасады<br>5) сұрау салынатын учаске Кодекстің 26-бабына сәйкес және 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 " Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шектелген аумақтарда орналасады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктеріне сәйкес өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ 1414, 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар . |

"Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік тілдегі уәкілетті органның атауы)] уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі деректемелері | | [Уәкілетті органның атауы (орыс тілінде)] уәкілетті органның деректемелері орыс тілінде |

**Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия**

20___жылғы "___"__________күні №_______________

1.____________________________________________________________________ берілді

(жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және азаматтығы/заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері) (жер қойнауын пайдалану құқығымен жалпы иелену кезінде барлық иелер толық мәліметтерді көрсетумен аталынады) (бұдан әрі – Жер қойнауын пайдаланушы) және " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығын береді

Жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшері:__________________________ ___ (әрбір иесі бойынша пайыздық мәнде көрсету)

2. Лицензия шарты:

1) лицензия мерзімі: берілген күннен бастап үш жыл

2) жер қойнауы учаскесінің аумағы__________________________________

______________________________________________________________________

(геологиялық зерттеу аумақтарын құрайтын блок (блоктар) кодтарын және сандарын көрсету)

3. Ұсынылатын учаскенің жалпы ауданы: _____ км$^2$ құрайды

4. Лицензия берген мемлекеттік орган

___________________________________________________________________________

(лицензия берген мемлекеттік органның атауы)_________________________________ ___

| | |
|---|---|
| [Қол қоюшының лауазымы] | [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)] |
| | |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Берілген жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

"Жер қойнауын геологиялық
зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік тілдегі уәкілетті органның атауы)] уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі деректемелері | | [Уәкілетті органның атауы (орыс тілінде)] уәкілетті органның деректемелері орыс тілінде |

## Өтінішті одан әрі қараудан/мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту

| | |
|---|---|
| Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | [Өтініш берушінің атауы] |
| [Уәкілетті органның атауы], Сіздің өтінішіңізді [өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] қарағаннан кейін, келесіні хабарлайды ________________________________________ _ . [Бас тарту себебі]. | |
| [Қол қоюшы лауазымы] | [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)] |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Жер қойнауын геологиялық
Зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттікқызмет
көрсету қағидаларына
5-қосымша

Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік тілдегі уәкілетті органның атауы)] уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі деректемелері | | [Уәкілетті органның атауы (орыс тілінде)] уәкілетті органның деректемелері орыс тілінде |

| | |
|---|---|
| | [Лицензия иесінің атауы]<br>[Заңды мекен-жайы____]<br>[Тел.:_____]<br>[E-mail:_____ ] |
| Лицензияға қатысты<br>Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | |
| **Анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама**<br>**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 729-бабының 2-тармағына сәйкес геологиялық зерделеуге арналған лицензия бойынша қол қою бонусы салық төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке осындай лицензия берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.**<br>**[Уәкілетті органның атауы] "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 92-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы салық заңнамасында белгіленген мерзімде жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия бергені үшін қол қойылған бонустың төленбегені туралы хабарлайды.**<br>**Кодекстің 92-бабының 3-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы анықталған бұзушылықты осы хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.**<br>**Жер қойнауын пайдаланушы осы тармақта ( Кодекстің 92-бабы 3-тармағы) көзделген мерзімде осындай жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұзушылықты жою туралы [Уәкілетті органның атауы] жазбаша хабардар етуге міндетті.**<br>**Бұзушылық белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда [Уәкілетті органның атауы] Кодекстің 92-бабының 4-тармағына сәйкес лицензияны қайтарып алады.**<br>*** басқа себептерді көрсету [Кодекстің 89-бабы 4-тармағының ережелерін бұзу]** | |
| **[Қол қоюшы лауазымы]** | |

| | |
|---|---|
| | **[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]** |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Жер қойнауын геологиялық
Зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттікқызмет
көрсету қағидаларына
6-қосымша

Нысан

[Басшының лауазымы] [Уәкілетті органның атауы]
[Уәкілетті органның басшысының Т. А. Ә.]

| | |
|---|---|
| Лицензияға қатысты<br>Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | |
| Қол қою бонусын төлегені туралы хабарлама | |
| [Лицензия иесінің атауы] Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 279-бабы 2-тармағын орындау үшін сізге 50 айлық есептік көрсеткіш (ағымдағы жылға арналған айлық есептік көрсеткіш сомасы) мөлшерінде қол қойылған бонус сомасын төлегені туралы растау ретінде төлем тапсырмасының көшірмесін жолдайды.<br>Қосымша:<br>- __парақтағы төлем тапсырмасы. | |
| [Қол қоюшы лауазымы] | [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)] |

"Жер қойнауын геологиялық
зерттеуге арналған лицензияны
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
7-қосымша

Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Мемлекеттік тілдегі Уәкілетті органның атауы)] Уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі деректемелері | QAZAQSTAN | [Уәкілетті органның атауы (орыс тілінде)] Уәкілетті органның деректемелері орыс тілінде |

**Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны қайтарып алу туралы хабарлама**

| | |
|---|---|
| | [Лицензия иесінің атауы]<br>[Заңды мекен-жайы____]<br>[Тел.:_____]<br>[E-mail:_____ ]<br>Көшірмесі: [Өңіраралық Департаменттің атауы] |
| Лицензияға қатысты<br>Нөмірі: [Нөмір]<br>Берілген күні: [берілген күні] | |
| [Уәкілетті органның атауы] "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 92-бабы 1-тармағының 1-тармақшасының негізінде 20__жылғы___________ №___ жер қойнауын геологиялық зерделеуге арналған лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдағаны туралы [лицензия ұстаушының атауы] хабарлайды. | |
| [Қол қоюшы лауазымы] | [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)] |
| Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. | |

Қазақстан Республикасы<br>Экология, геология және<br>табиғи ресурстар министрінің<br>міндетін атқарушының<br>2020 жылғы 22 мамырдағы<br>№ 117 бұйрығына<br>7-қосымша

## "Кедендік одақ шеңберінде геологиялы сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Бұйрық 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.04.2024 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және/немесе "minerals.gov.kz" жерқойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы (бұдан әрі – платформа) арқылы кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беруге арналған өтініш береді.

Портал және/немесе платформа арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымша және (немесе) толықтырудың (бір жолғы рұқсат үшін) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 67 "Тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініштердің нысандарын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11074 болып тіркелген) тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.

3) өтініште шығарылатын сынаманың көлемі мен оны зерттеулердің сипаты, зерттеу жүргізудің болжалды мерзімі, зерттеу нәтижелері туралы есепті дайындау мерзімі және зерттеу жүргізетін ұйым туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

4) "Ұлттық аккредиттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қазақстан Республикасында жүргізілетін зерттеулер бойынша аккредиттелген зертханалардың жоқ немесе бар екендігі туралы хаты.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға құқығы үшін бюджетке рұқсат ету алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және/немесе "minerals.gov.kz" платформасы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы және/немесе платформа арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген.

5. Берілген рұқсат сыртқы сауда қызметінің басқа қатысушыларына қайта ресімдеуге жатпайды.

Берілген рұқсаттарға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші бір жолғы рұқсат береді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасында болжамды зерттеулер жүргізу анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы ( бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері оларды Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат береді не Мемлекеттік қызмет

көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

8. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама әкімшілік акт қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді) белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап

5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

13. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

"Кедендік одақ шеңберінде
геологиялық сынамаларды
уақытша әкетуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беруге арналған өтініш**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолданылу кезеңі<br>___бастап ___дейін | |
| 3. Рұқсаттың типі \|ЭКСПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Көрсетілетін қызметті алушы\| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған елі\| | 8. Сатып алушының елі\| | |
| 9. Келісімшарт валютасы\| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі\| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Өтінішке қосымшаға сәйкес қосымша ақпарат | | |
| | 18. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы | |

| | |
|---|---|
| 17. Рұқсат беру үшін негіздеме | Телефоны<br>Қолы және мөрі дара кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда (бар болған жағдайда)<br>Күні |

Тауарлардың жекелеген
түрлерінің экспортына
және (немесе) импортына
лицензия алуға
арналған өтінішке
қосымша

жылғы _________ №___ өтінішке қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с № | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлық парақ__ Парақ №__ | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі дара кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда (бар болған жағдайда)<br>Күні | |

"Кедендік одақ шеңберінде
геологиялық сынамаларды
уақытша әкетуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2- қосымша

## "Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www. egov. kz " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі-Портал) және/немесе " minerals.gov.kz" жерқойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы арқылы (бұдан әрі – платформа) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі | Көрсету мерзімі – 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Кедендік одақ шеңберінде геологиялық сынамаларды уақытша әкетуге рұқсат беру және (немесе) оған қосымша, не осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсету заңды және жеке тұлғаларға ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:<br>1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 ( он) айлық есептік көрсеткішті құрайды;<br>2) лицензияны дубликатын беру кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) айлық есептік көрсеткішті;<br>Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейда банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау |

| | | |
|---|---|---|
| | | салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда және/немесе платформада орналасқан. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) сыртқы сауда шартының (келісімшартының), оған қосымша және (немесе) толықтырудың (бір жолғы лицензия үшін) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа құжаттың көшірмесі;<br>3) "Тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініштердің нысандарын, лицензия және ( немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 67 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11074 болып тіркелген) бұйрығым ен бекітілген тауарлар экспорты мен импортын лицензиялау жөніндегі қызметкеқойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестіктірастайтын құжаттар тізбесіне сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;<br>4) "Жер қойнауы және жер қойнауын падалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 75 -бабы 4-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы рұқсат алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтінішпен жүгінеді, онда шығарылатын сынаманың көлемі мен оны зерттеулердің сипаты, зерттеу жүргізудің болжалды мерзімі, зерттеу нәтижелері туралы есепті дайындау мерзімі және зерттеу жүргізетін ұйым туралы мәліметтер қамтылуға тиіс . |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы рұқсат алу үшін ұсынған құжаттарында толық емес және дұрыс емес мәліметтердің болуы;<br>2) осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағы 3) тармақшасының көзделген талаптардың сақталмауы;<br>3) лицензияны беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттардың қолданысын тоқтату немесе тоқтата тұру;<br>4) іске асыру үшін рұқса сұратылатын шартты ( келісімшартты) орындау салдары |

| | | |
|---|---|---|
| | | болуы мүмкін мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;<br>5) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның таусылуы не олардың болмауы (квоталық тауарларға лицензия ресімдеген жағдайда);<br>6) Кодекстің 75-бабы 4-тармағы 1), 2), 3), 4) тармақшаларының негізінде. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК